

3

4-5

7

8



Ембі ТЫНЫСЫ

№ 1 (65)

наурыз

2021 жыл

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті газеті

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

ҚҰРМЕТТІ ЕМБІЛІК АРУЛАР!

Сіздерді көктемнің алғашқы мерекесі 8 – наурыз - Халықаралық әйелдер күнімен «Ембімұнайгаз» акционерлік ұжымының атынан құттықтаймын!

Қазақ мұнайының «қара шаңырағы» саналатын «Ембімұнайгаз» АҚ тарихында мұнайшы қыздар бар күш-жігерлерін аямай, ерлермен бірге аянбай еңбек етіп келеді. Әсіресе, кешегі қиын күндерде әйелдер ерлердің орнын жоқтатпай, ел экономикасында көш бастаған. Статистикалық деректерге сүйенсек, Ұлы Отан соғысы басталған жылдары еліміздің мұнай-газ саласында 3000-нан астам әйел адам еңбек еткен. Ал, соғыстың аяғына таман мұнай саласында жұмыс жасағандардың 42,5 пайызын әйелдер құраған. Ұлы жеңіске өлшеусіз үлес қосқан, соғыстан кейінгі ауыр жылдарда зор төзімділікпен еңбек еткен мұнайшы әйелдердің есімдерін біз ешқашан ұмытпаймыз.

Қазақ қыздарының арасынан алғашқы болып КСРО Жоғары кеңесіне 3 мәрте депутат болған Балғаным ДОСБАЕВА, ірі мұнай кәсіпшілігін басқарған алғашқы әйел- Балжан ЖҰМАҒАЛИЕВА, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болған Жібек СЕГІЗАЛИЕВА, қазақ мұнайшы әйелдерінің

арасынан шыққан тұңғыш Социалистік Еңбек Ері Нәбира ШАҒЫРОВА, әйгілі мұнай өндіруші оператор қыз Қалу ТІЛЕУМАҒАНБЕТОВА және мұнай-газ саласының дамуына үлкен үлес қосқан басқа да әйелдердің есімін бүгінгі ұрпақ ұмытпауы тиіс.

«Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамында бүгінгі таңда 855 қыз-келіншек еңбек етуде. Бұл жалпы ұжымның 17,6 пайызын құрап отыр. Мұнайшы қыздардың қай-қайсысы да еселі еңбектерімен абыройға бөленіп келеді. Компанияда еңбек ететін қыз-келіншектердің 45-і басшылық қызметке тағайындалған. Ал, 5-уі - «Алтын алқа», 16-сы «Күміс алқа» иегерлері атанып, ұрпағын саналы тәрбиелеп, тату шаңырақтың ұйытқысы болып отыр.

Құрметті ембілік арулар! Сіздерді осынау көркем мерекемен құттықтай отырып, мықты денсаулық, еңбектеріңізге толымды табыс, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін!

Ізгі тілекпен,
«Ембімұнайгаз» АҚ
Басқарма төрағасы
Есен ҚАЙЫРЖАН

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК» АҚ 2020 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫСЫН ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Басқарма төрағасы Ахметжан Есімовтің қатысуымен өткен кеңейтілген отырыста «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2020 жылы атқарған жұмысын қорытындылады.

Жиналыс барысында өткен жылы қиындықтарға қарамастан, ҚМГ компаниялар тобында тұрақтылық сақталып, өндірістік процестердің тоқтап қалуына жол берілмегені, қаржылық тұрақтылық қамтамасыз етілгені және басым жобалардың іске асырылуы жалғасын тапқаны атап өтілді.

қаражатты сақтап қалдық. Компания былтыр бос ақша ағынын қалыптастыра алды. Бұл қарызды азайтуға мүмкіндік берді. Соның арқасында акционерлерімізге 2019 жылға дивиденд төлеп, өз міндеттемелерімізді орындадық. Бұл «ҚазМұнайГаз» тарихында ең қомақты дивиденд төлемі болды, – деп атап өтті ҚМГ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев.

2019 жылға барлығы 82 млрд теңге дивиденд төленді. Компанияның 2020 жылғы салықтары мен басқа да төлемдері 1,2 трлн теңгені құрады.

төмендегені байқалады, осы қаражаттың жартысынан көбі ҚМГ Қашаған Б.В. компаниясына тиесілі. ҚМГ еурооблигациялары 907 млн АҚШ долларына табысты қайта қаржыландырылды, бұл қарызды қомақты біржолғы төлемдерімен өтеу мәселесін шешуге мүмкіндік берді. Ендігі қомақты төлем тек 2025 жылы жүргізіледі.

Компанияның өндіріс саласындағы қызметі бірқатар жетістіктермен атап өтілді. Желтоқсан айында Шығыс Өріктау кен орнында бірінші кезең аясында екі ұңғыма тәжірибелік пайдалануға берілді. Жоба табысты іске асырылған жағдайда, жоспарлы өндіру көлемі жыл сайын 1,5 млрд текше метр газ және 500 мың тонна мұнайға дейін жетуі мүмкін. Маңғыстау облысындағы Шығыс Бектұрлы барлау блогында және Атырау облысындағы С.Нұржанов кен орнында мұнай бұрқағы алынды.

Әлеуметтік салада да ауқымды жұмыс атқарылды. Еңбек ұжымдарында әлеуметтік тұрақтылықты сақтау және ҚМГ өз қызметін жүргізетін өңірлерде халықтың әлеуметтік әл-ауқатын жақсарту бойынша жүргізілген кешенді жұмыстың нәтижесінде «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Әлеуметтік өзара ықпалдастық және коммуникациялар орталығы жүргізген зерттеуге сәйкес ҚМГ компаниялар тобында әлеуметтік әл-ауқат индексі 2019 жылғы 72%-дан 2020 жылы 74%-ға артты.

Шығындардың қысқаруына қарамастан, өндірістегі қызметкерлердің еңбек жағдайларын жақсарту бойынша жұмыс тоқтамады. Қаражан-бас және Асар кен орындарында жаңа жатақханалар пайдалануға берілді. Ақтөбе облысында вахталық қалашық салынды. Атырау МӨЗ-і қызметкерлеріне жаңа пәтерлер берілді.

Өткен жылы өлімге әкелген, еңбек қызметімен байланысты жазатайым оқиғалардың болмауы ҚМГ үшін маңызды жетістік болып табылады. Мұндай көрсеткішке компания алғаш рет қол жеткізіп отыр.

Осы жылы компания өз күш-жігерін шығындарды одан әрі оңтайландыруға, геологиялық барлауға инвестиция тартуға, ірі жобаларды іске асыруға және тұрақты даму мақсаттарына жетуге барынша жұмылдыруға ниетті.

www.kmg.kz



- Өткен жылдың ең маңызды міндеттерінің бірі – «ҚазМұнайГаз» тобының қаржылық тұрақтылығын арттыру болды. Меніңше, біз жүктелген міндетті ойдағыдай орындап шықтық. Сырттан қарыз тартқан жоқпыз, мемлекеттен де қарыз сұрамадық, бұрыннан жинап келе жатқан

2020 жылдың қолданыстағы кепілдіктерін есепке алғанда, ҚМГ компаниялар тобының қарызы 472 млн АҚШ долларына азайды. Соның ішінде мерзімінен бұрын өтелген қарыз да бар. Сонымен қатар, бірлескен кәсіпорындар деңгейіндегі қарыздың 1,1 млрд АҚШ долларынан астам сомаға

ҚМГ 2020 ЖЫЛЫ ОТАНДЫҚ ТАУАР ӨНДІРУШІЛЕРГЕ 165 МЛРД ТЕҢГЕГЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТТІ

Жуырда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен отандық өндірушілерді қолдау бойынша «Samruk Business Forum» онлайн форумы өтті. Сондай-ақ, Форумға «Самұрық-Қазына» АҚ басшысы Ахметжан Есімов, «Атамекен» ҰКП Президиумының төрағасы Тимур Құлыбаев, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев, бизнес қауымдастықтың өкілдері және басқалар қатысты.

Отандық тауар өндірушілерді қолдау ҚМГ стратегиялық міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл әсіресе, пандемия және шетелдік нарықтардағы протекционизм сияқты сыртқы сын-тегеуріндер заманында ерекше өзектілікке ие. Оффтейк-шартының тетігі импортты алмастыратын жаңа өндірістерді құра отырып, ел экономикасын дамытуға септігін тигізеді. Жұмыс орындарын сақтап қана қоймай, олардың санын көбейтуге мүмкіндік береді.

- Біз отандық тауар өндірушілерді қолдаудың нақты әрекеттерін қамтитын іс-шаралар жоспарын әзірледік. Еншілес ұйымдарға сатып алуды барынша қазақстандық тауар өндірушілер арасында өткізу тапсырылды. Жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарттарына отандық өндірістің тауарларын сатып алу талаптары енгізілді. Бұдан бөлек, «қарапайым заттар экономикасы» тауарлары бойынша импорттық өнімдерді сатып алуға тыйым салынды, – деп атап өтті ҚМГ басшысы Алик Айдарбаев.



Сонымен қатар, А. Айдарбаев 2020 жылы ҚМГ «Самұрық-Қазына» АҚ Жаңа өндірістерді ашуға жәрдемдесу бағдарламасын іске асыру аясында 13,6 млрд теңге сомасына импортты алмастырушы жобаларды жүзеге асырып жатқан отандық тауар өндірушілермен 40 оффтейк-шарты мен 2 меморандум жасағанын айтты. ҚМГ-ның отандық өндірушілерді қолдау жөніндегі қабылдаған шаралары 23 мыңға жуық жұмыс орнын сақтап, шамамен 1600 жаңа жұмыс орындарын ашты.

Ұлттық компания отандық тауар өндірушілерге қолдау көрсету мәселесіне ерекше назар аудартыны аталып өтті. Айталық, 2020 жылы ҚМГ отандық тауар өндірушілермен 165 млрд теңгеге шарттар жасасты. Кезең-кезеңімен жүргізіліп отырған жұмыстың арқасында тауарларды сатып алудағы жергілікті қамту үлесі 71%-ды құраса, бұл көрсеткіш көрсетілетін қызметтер мен жұмыстар бойынша 86%-ға жетті.

www.kmg.kz

БАСТЫ БАҒЫТ — ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІК!

2020 жыл әлемдік және отандық мұнай-газ секторы үшін оңай өткен жоқ. Пандемия мен мұнай бағасының төмендеуі өндіруші компаниялардың операциялық нәтижелері мен стратегиялық жоспарларына айтарлықтай әсер етті. Қазақ мұнайының тарихы басталған компания 2021 жылы қандай нәтижелерге қол жеткізді? Бұл туралы «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Есен Қайыржанмен сұхбаттан таныса аласыздар.

— Есен Қайыржанұлы, өткен жыл барлық сала үшін елеулі сынақ болды. Көптеген мұнай компаниялары шығындарды оңтайландыру мақсатында бұрғылауды, геологиялық барлау жұмыстарын тоқтатты немесе қызметкерлерді жұмыстан босатты. Сіздің компания жылды қалай аяқтады?

— Иә, 2020 жыл әлемдік мұнай-газ саласы үшін мұнай бағасының төмендеуі мен пандемияға байланысты екі есе қиын болды. Қалыптасқан жағдайға орай Бас компания — «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ дағдарысқа қарсы бағдарлама әзірлеп, соның шеңберінде еншілес ұйымдардың алдына операциялық тиімділікті арттыру бойынша бірінші кезектегі міндет қойылды. Осыған байланысты компанияда барлық өндірістік емес шығындар оңтайландырылды, тиімді өндірістік қызметті қамтамасыз ету үшін барлық өндірістік емес позицияларға сатып алулар тоқтатылды және шарттар бұзылды.

Қолайсыз факторларға қарамастан, Ембі мұнайшыларының әлеуметтік пакеті мен жұмыс орындарын сақтап қалуға қол жеткізгенімізді ерекше атап өткім келеді.

ОПЕК+ келісімі шеңберінде мұнай өндіру бойынша шектеулерді ескере отырып және жекелеген кен орындарында газ факторының өсуі жағдайында өндірістік көрсеткіштер сәтті орындалды.

2020 жылы 2 млн.600 мың 633 тонна мұнай және 216 млн 814 мың текше метр ілеспе газ өндірілді. Түзетілген мұнай өндіру жоспары 388 тоннаға, ілеспе газ өндіру бойынша 1 млн 21 мың текше метрге асыра орындалды.

2020 жылғы 2 млн 820 мың тонна көлеміндегі мұнай өндірудің бастапқы жоспары ОПЕК+ келісімі шеңберіндегі шектеулерді ескере отырып, сондай-ақ, Прорва және Новобогат кен орындары топтарындағы газ факторының өсуіне байланысты төмендетіліп түзетілді.

Жыл қорытындысы бойынша компания оң қаржылық балансты қамтамасыз етті. Сонымен қатар, республикалық және жергілікті бюджеттерге 98,2 млрд теңге көлемінде салық төлеп, еліміздің ірі салық төлеушілер рейтингінде көшбасшылық позицияларын сақтап қалды.

— Компанияның ресурстық базасын ұлғайту бағытындағы жоспарларына пандемияның қандай әсері болды?

— Иә, пандемия барлау ұңғымаларын бұрғылаудың жылдық көлеміне әсер етті. Дегенмен, мұнай өдіруші ұңғымаларды бұрғылау бойынша жоспар асыра орындалды.

Пандемияға байланысты жұмысты ұйымдастыру бағытындағы қиындықтарға қарамастан, қосымша мұнай алынған жаңа ұңғымалар сәтті пайдалануға берілді. Жөнделуаралық кезең 66 күнге (320 күннен 386 күнге) ұзарды. Ұңғымаларды күрделі жөндеу және қосымша перфорациялық жұмыстар жүргізу есебінен қосымша мұнай өндіру қамтамасыз етілді.

Негізінен байырғы кен орындарын игеретін компанияның басым міндеттерінің бірі ресурстық базаны ұлғайту болып табылады. Осы бағыттағы жүйелі жұмыстардың нәтижесінде С.Нұржанов кен орнының (солтүстік-батыс қанаты) бұрғыланбаған бөлігіндегі триас қабатында жаңа өнімді горизонт анықталды. НСВ-11 бағалау ұңғымасын бұрғылау қорытындысы бойынша 9 мм штуцерде тәулігіне 165 текше метр дебитпен су-сыз мұнай бұрқағы алынды.

2020 жылы ҚР пайдалы қазбалар жөніндегі мемлекеттік комиссиясы Шығыс Мақат, Оңтүстік-Шығыс Қамысты, Уаз, Шығыс Уаз, және С.Нұржанов (солтүстік-батыс қанаты) кен орындары бойынша мұнай және газ қорларының өзгерістерін бекітті. Алынатын мұнай қорларының өсімі жоспардағы 3,0 млн тоннаның орнына 4,6 млн тоннаны құрады, дәлелденген қорларды толықтыру коэффициенті 179% -ды құрады.

— Соңғы жылдары Ембі горизонталды бұрғылау жұмыстарын сәтті жүргізіп келеді. Осы бағыттағы жұмыс 2020 жылы қалай жүзеге асты?

— Горизонталды ұңғымаларды бұрғылау технологиясы өзінің тиімділігімен вертикалды ұңғымаларды алмастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қоса, қоршаған ортаға тасталар зиянды қалдықтардың көлемі азаяды. Сондай-ақ, бұл әдіс игерілуі қиын кен орындарының өнім беру



мерзімін ұзартады. Өткен 2 жылда горизонталды ұңғымаларды бұрғылау әдісі өзінің тиімділігін дәлелдеді. Олардың өнімділігі вертикалды ұңғымаларға қарағанда 8-10 есе жоғары. Сол себепті, Компания 2021 жылы 21 ұңғыманы бұрғылауды жоспарлап отыр. Оның ішінде: 7 — вертикалды, 14 - горизонталды бұрғылау әдісімен.

Жалпы 2021 жылға дейін Ембі өндірісінің кен алаңдарында барлығы 14 горизонталды ұңғыма бұрғыланып, соның ішінде, Гран кен орнында («Жайықмұнайгаз» МГӨБ) «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобы бойынша ең ұзын горизонталды секциясы бар (1 км-ге жуық) ұңғыма бұрғыланды.

— Есен Қайыржанұлы, пандемияның алғашқы толқыны кезеңінде мұнай-газ өндіру кәсіпорнының жұмысы қалай жүзеге асырылғанын толығырақ айтып берсеңіз?

— Қазақстандағы пандемияның алғашқы күндерінде-ақ Компанияда коронавирустық инфекцияға қарсы іс-қимыл жөніндегі орталық штаб құрылды. Ол 2020 жылғы наурыздан желтоқсанға дейін 34 отырыс өткізіп, 84 мәселені қарады.

Қызметкерлеріміздің өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында компанияда эпидемияға қарсы барлық іс-шараларды іске асыру үшін 2020 жылы 4,9 млрд. теңгеге келісім-шарттар жасау туралы шешім қабылданды.

Бұл қаражат санитариялық-эпидемиологиялық қызметтер бекіткен эпидемияға қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге — вахталық әдіспен жұмыс жасайтын қызметкерлер үшін ПТР-тестілеуді және 7 күндік карантинді қамтитын жұмыс орындарына жіберу алгоритмдерін ұйымдастыруға, барлық өндірістік және әлеуметтік-тұрмыстық нысандар мен автокөлікті жеке қорғаныс және дезинфекциялау құралдарымен қамтамасыз ету бойынша барлық санитариялық талаптарды орындауға, вирус жұқтырған қызметкері бар вахта құрамын ауыстыру үшін резервтік бригадалар құруға, вахтаның ұзақтығын 14-тен 28 күнге дейін ұлғайтуға, вахталық кезең ұзақтығының ұлғаюына байланысты мұнайшыларға үстеме ақы төлеуге және тағы басқаларға жұмсалды.

Пандемия және мердігерлік компаниялардың кеңсеге және кен орындарына кіруіне шектеу қою жағдайларында 2020 жылдың басынан бастап «Ембімұнайгаз» АҚ-да орындалған жұ-

мыстар мен көрсетілген қызметтердің актілеріне қол қоюдың жедел электрондық жүйесі енгізілді.

Бұл жоба мердігер ұйымдардың орындаған барлық жұмыстарын есеп жүйесінде уақытылы рәсімдеуге мүмкіндік берді.

2020 жылы барлығы 21 724 ПТР-тестілеу өткізілді. 2021 жылдың басына дейін 2020 жылы вирус жұқтырған 480 қызметкердің барлығы сауығып шықты. Компанияда COVID-19 салдарынан өлім жағдайы тіркелген жоқ.

— Соңғы жылдары компания өндірістік мәдениетті арттыруға бағыт алды. Өткен жылы қандай нәтижелерге қол жеткіздіңіз?

— Өткен жылғы күрделі жағдайларға қарамастан, компания бойынша өндірістік жаракаттану деңгейі айтарлықтай төмендегенін атап өткім келеді. Соңғы жылдары Компанияда адам өлімі бойынша қайғылы оқиғалар кездескен жоқ. Жазатайым оқиғалар бойынша көрсеткіш 5-тен 1-ге төмендеді. Жол-көлік оқиғалары да 5-тен 1-ге азайды. Біз үшін бұл көрсеткіштер — дұрыс бағытта келе жатқанымызды көрсететін ең үздік жетістіктер болып табылады. Себебі, жұмысшыларымыздың өз отбасыларына аман-есен оралуы — біз үшін басты мақсат.

Жол-көлік оқиғалары санын айтарлықтай азайтуға үлкен себеп болған өткен жылдың қыркүйек айынан бастап ҚМГ-ның «Сандық трансформация» бағдарламасы аясында енгізілген «Сапарларды басқару» жобасы және Кен орындарындағы арнаулы техникаға қажеттілікті анықтау бағдарламасы болғанын атап өту керек.

Жыл қорытындысымен «Сити Пойнт» жаңа жүйесі бойынша қолданыстағы GPS трекерлеріне 419 бірлік техниканы қосу аяқталды. 2021 жылы бұл жүйеге мердігер компаниялардың қызметтік автокөліктері қосылады деп жоспарлануда.

Екінші жоба бойынша компанияның автокөлік құралдары мен арнайы техникасының жұмыс түрлері мен ұзақтығын көрсететін бағдарлама әзірленді. Осы жұмыстардың нәтижесінде арнайы техниканы пайдалану тиімділігін арттыруға және қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін шешімдер қабылданды.

2020 жылы компания екінші жыл қатарынан ҚР Энергетика министрлігінің және БҰҰ-ның Орталық Азиядағы қоршаған орта бағдарламасының қолдауымен және Ресейдің Дүниежүзілік жабайы табиғат қоры (WWF) мен «КРЕОН» тобының ұйымдастыруымен өткен «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ компаниялар тобы бойынша экологиялық жауапкершілік саласындағы Қазақстанның мұнай-газ компанияларының ашықтық рейтингінде екінші орынға ие болды.

— Компания алдында 2021 жылға қандай міндеттер тұр?

— 2021 жылы біздің алдымызда кешенді түрде шешуді талап ететін бірқатар міндеттер тұр. Ең алдымен, бұл — Прорва және Новобогат кен орындары топтары бойынша газ факторының өсуіне байланысты мәселелерді шешу, жұмыс істеп тұрған кен орындарын қосымша барлау жұмыстарын жалғастыру, С. Нұржанов және Солтүстік Уаз кен орындарын дайындау және өндіру кезеңіне көшу. Біз қызмет тиімділігін арттыру мақсатында өндірістің барлық кезеңдерінде ауыстыруды/оңтайландыруды/жаңғыртуды талап ететін тұстарды анықтау бағытындағы жұмыстарды жалғастырамыз.

Сондай-ақ, жөндеуаралық, тазалауаралық кезеңдер және т. б. сияқты негізгі өндірістік көрсеткіштерді арттыру кезінде өндірістік шығындарды азайту мақсатында әртүрлі іс-шараларды енгізу жұмыстары жалғасады.

Компанияның топ-менеджерлерінің мен білікті қызметкерлері ұзаққа созылған пандемияға қарамастан, Бас компанияның алға қойған экономикалық тиімділікті одан әрі арттыруға бағытталған жұмыстарды асыру үшін бар күш-жігерін жұмсайтынына сенімдімін.

— Сұхбатыңызға рахмет!

ОЛАР - БІЗДІҢ



Өткен 2020 жылдың наурыз айынан бастап еліміз коронавирус инфекциясы пандемиясы жағдайында өмір сүруде. Пандемия басталғалы бері «Ембімұнайгаз» АҚ-да қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін компания нысандарында инфекцияның таралуына қарсы барлық қажетті іс-шаралар қабылданды. Барлық өндірістік құрылымдық бөлімшелерінде құрылған штабтар енгізілген төтенше жағдай мен карантиндік шектеулер режимінде жедел басқару органдарына айналды.

- Негізгі басқару шешімдерін орталық штаб қабылдағанына қарамастан, белгіленген шараларды жергілікті бөлімшелердің басшылары мен қарапайым қызметкерлері жүзеге асырады. Осы жұмыстардың қорытындысымен 2020 жылы пандемияның алғашқы толқыны кезінде өздеріне сеніп тапсырылған жұмыс учаскесінде жауапкершілік пен көшбасшылық қасиеттерін танытқан қызметкерлерді атап өту туралы шешім қабылданды. Компания басшылығының міндеті басқарушылық шешімдерді қабылдау ғана емес, сонымен қатар, әр деңгейде және әр ұжымда көшбасшыларды анықтау болып табылады. Олардың үлгілі қызметі өзге қызметкерлер үшін мотивация болады деп сенемін. Осы мақсатта «Жыл үздігі» номинациясын белгілеу және жыл сайын біздің компаниямыздың үздік қызметкерлері мен Ембі алдындағы шарттық міндеттемелерді ең жоғары деңгейде орындауды қамтамасыз

еткен серіктестерімізді марапаттау туралы шешім қабылданды, - деп «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Есен ҚАЙЫРЖАН басшылықтың шешімін түсіндірді.

2020 жылы COVID-19 пандемиясымен күреске қосқан жеке үлесі мен абыройлы еңбегі үшін төмендегі қызметкерлер марапатталды:

Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары **ТАС-МАҒАМБЕТОВА Рысты Нұрғалиқызы** ел мен аймақ басшылығы мойындаған компания мен Атырау облысы тұрғындарының мүддесі үшін жанқиярлық қызметіне «Жыл тануы» номинациясымен;

«Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның бастығы **СҮЛЕЙМЕНОВ Амангелді Тасқынбайұлы** артық шығынсыз мол өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізгені үшін «Жылдың тиімді менеджері» номинациясымен;

«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның бастығы **ШАНАЕВ Ғибатолла Толағайұлы** штаттан тыс жағдайда өндірістік қызметті қамтамасыз еткені үшін «Жылдың кризис-менеджері» номинациясымен;

«Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның бастығы **ЖҮНІСОВ Мәлік Мұқышұлы** ұжымдағы моральдық-психологиялық қолайлы климатқа қол жеткізудегі жетістіктері үшін «Жылдың тиімді басшысы» номинациясымен;

«KMG EP-Catering» ЖШС-нің Атырау филиалының директоры **ХИСМЕТҮЛЛИН Эдуард Ғаббасұлы** пандемия кезіндегі табанды серіктестігі және ұжыммен

БАТЫРЛАРЫМЫЗ



бірлесе атқарған қалыпты жұмысы үшін «Жыл серіктесі» номинациясымен;

«Ембімұнайэнерго» басқармасының бас инженері **БАЯМИРОВ Берік Жоламанұлы** жас мамандарды дайындағаны және қолдау көрсеткені үшін «Жыл тәлімгері» номинациясымен;

«Доссормұнайгаз» МГӨБ еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік бөлімінің бастығының орынбасары **ҚОБЛАНДИЕВ Нұрлан Сәндіжанұлы** өндірістік-құрылымдық бөлімшелерде жүргізілген қауіпсіздік жұмыстары бойынша қол жеткізген үздік жетістіктері үшін «Жылдың қауіпсіз өндірісті ұйымдастырушысы» номинациясымен;

«Ембімұнайгаз» АҚ еңбекті қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің бастығы **БОХАЕВА Ақмарал Өтегенқызы** пандемия кезінде коронавирус инфекциясын таратпау мақсатындағы жұмыстарды ұйымдастыруға белсене қатысқаны үшін «Жыл қызметкері» номинациясымен;

Өндірістік – техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау басқармасы еңбекті және қоршаған ортаны қорғау тобының жетекшісі **АЙДАРБАЕВ Аманжан Танатарұлы** COVID-19 пандемиясымен күрес жүргізу жұмыстарын ұйымдастыруға белсене қатысқаны үшін «Жыл қызметкері» номинациясымен;

«Жайықмұнайгаз» МГӨБ №2 мұнай және газ өндіру цехының бастығы **АБЕЖАН Қуанғали Халидоллаұлы** дағдарысты ахуал кезінде өндірістік міндеттемелердің

шешілуіне жеке үлес қосқаны үшін «Жылдың цех бастығы» номинациясымен;

«Қайнармұнайгаз» МГӨБ Кенбай мұнай және газ өндіру цехының мұнай-газ және конденсат өндіру шебері **ТАЙБУРИЕВ Жалғас Тұрғалиұлы** дағдарысты ахуал кезінде өндірістік міндеттемелердің шешілуіне жеке үлес қосқаны үшін «Жыл шебері» номинациясымен;

«Доссормұнайгаз» МГӨБ ұңғымаларды жерасты және күрделі жөндеу цехының ұңғымаларды жөндеу шебері **НҰРЖАНОВ Еламан Жақсығалиұлы** дағдарысты ахуал кезінде өндірістік міндеттемелердің шешілуіне жеке үлес қосқаны үшін «Жыл шебері» номинациясымен;

«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Құлсарыдағы мұнайды дайындау және айдау цехының Қисымбай мұнай дайындау және айдау учаскесінің 4 разрядты тұзсыздандыру және сусыздандыру қондырғысының операторы **УМИРОВ Есенжан Ұлықпанұлы** дағдарысты ахуал кезінде өндірістік міндеттемелердің шешілуіне жеке үлес қосқаны үшін «Жыл шебері» номинациясымен;

Барлық жеңімпаздар «Жыл үздігі» статуеткаларымен және компания атынан естелік сыйлықтармен марапатталды.

Әріптестерімізді лайықты марапаттарымен құттықтаймыз!



ТАБЫСТЫ ЕҢБЕККЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Қазақ мұнайының бастауында тұрған – «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты Қарсақ кен орнының игеріле бастағанына 2020 жылы 60 жыл толды. Елді алаңдатқан пандемияның салдарынан айтулы шара кейінге қалдырылған болатын. 2021 жылдың алғашқы айларында компания басшылығы өндіріс алаңдарында уақытпен санаспай табысты еңбек етіп жатқан мұнайшыларды мерейтоймен құттықтауға шешім қабылдады.

Доссор кентінің «Мұнайшылар» мәдениет үйінде Ембі өндірісінің өркендеуінде өзіндік орны бар Қарсақ кенішінің 60 жылдығына арналған шара өтті. Оған «Ембімұнайгаз» АҚ-ның басшылығы мен доссорлық мұнайшылар қатысты.

«Доссормұнайгаз» МГӨБ кен алаңы – Қарсақ кеніші 1948 жылы ашылып, 1960 жылы пайдаланылуға берілді. Содан бері арада 60 жыл өтті. Осы жылдарда кен алаңында терең бұрғылау жұмыстары жүргізіліп, жаңа мұнай горизонттары анықталды.

Алпыс жылдық мерекелік шарада Ембі кен орнының бір бөлшегі- Доссор мұнайлы өңірдің, соның ішінде Қарсақ кен алаңында табысты еңбектерімен ерекшеленген мұнайшылар «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Құрмет грамотасымен және естелік белгілерімен, сонымен қатар, «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Алғыс хатымен марапатталды.

Жоғары марапаттарға ие болған қарапайым еңбек майталмандарымен таныссақ:

№2 Қарсақ мұнай және газ өндіру цехы №1 бригадасының 4 дәрежелі технологиялық қондырғы операторы Ертай БОРАМБАЕВ, Доссор мұнай дайындау және айдау цехының Қарсақ-Ботахан-Байшонас мұнай дайындау және айдау бригадасының 4 дәрежелі сусыздандыру және тұзсыздандыру қондырғысының операторы Аманкелді БАЙМАҒАНБЕТОВ, №1 Ботақан мұнай және газ өндіру цехы мұнай өндіру бригадасының операторы Жаңылсын ТЕМІРАЛИЕВА, №2 Қарсақ мұнай және газ өндіру

цехы Байшонас кен орны №2 бригадасының 5 дәрежелі дәнекерлеушісі Жолдасқали ТАЙБУРИЕВ, №2 Қарсақ мұнай және газ өндіру цехы №1 бригадасының 5 дәрежелі технологиялық қондырғылар операторы Асылбек КӨШЕКЕНОВ, ұңғымаларды жер асты және күрделі жөндеу цехының операторы Таңатар МҰҚАШЕВ, арнаулы техника және автокөлік колоннасының жүргізушісі Ахмет ҚАЙЫРҒАЛИЕВ, №1 Ботақан мұнай және газ өндіру цехы мұнай өндіру бригадасының 5 дәрежелі мұнай және газ өндіру операторы Қалқаман НҰРЖАНОВ, Доссор мұнай дайындау және айдау цехының

ялық сораптар машинисі Ерсайын ЕСКАЛИЕВ, №2 Қарсақ мұнай және газ өндіру цехы мұнай өндіру бригадасының 5 дәрежелі технологиялық қондырғылар операторы Руслан КОРКЫТОВ, Доссор мұнай дайындау және айдау цехының сусыздандыру және тұзсыздандыру қондырғысының операторы Қоблан ЖОЛАЕВ, №2 Қарсақ мұнай және газ өндіру цехы №1 бригадасының (жерасты қысымын сақтау) шебері Нысанбай БИГАЛИЕВ, ұңғымаларды жерасты және күрделі жөндеу цехының бұрғышысы Ақылбек ЖАКИЕВ өндірісте қол жеткізген зор жетістіктері үшін «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Құрмет грамотасымен марапатталды.

«Ембімұнайгаз» АҚ-да өнім өндірісімен қатар мұнайшылар арасында мәдениет, өнер саласын да дамыту – дәстүрге айналған игі шара. Бұл орайда, «Доссормұнайгаз» МГӨБ әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің маманы Жанат ӨТЕПОВА мен №1 Ботақан мұнай газ өндіру цехы жер астына су айдау сорап станциясының 4 дәрежелі машинисі Жасталап ЖҰ-

МАҒАЛИЕВ ұжымішілік байланыстың нығайтуына зор үлес қосып, өнер мен еңбекті қатар ұстаған белсенділіктері үшін «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Құрмет грамотасымен марапатталды.

Доссор мұнайды дайындау және айдау цехының химиялық лаборанты Жамал БАЙМАҒАНБЕТОВА, арнаулы техника және автокөлік колоннасының жүргізушісі Сағытжан БЕРДІҒАЛИЕВ, арнаулы техника және автокөлік колоннасының жүргізушісі Кенжебек КИІКБАЕВ, арнаулы техника және автокөлік колоннасының жүргізушісі Нұрлан ЕСБОСЫНОВ табысты еңбектері үшін Қарсақ кен орнының 60 жылдығына орай «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның Алғыс хатымен марапатталды.

Қарсақ кен алаңының 60 жылдығына арналған мерекелік шара өнерлі мұнайшылардың орындауындағы әсем әнмен, мың бұралған бимен жалғасты.



химиялық лаборанты Гүлнар ДЖАНТЛЕУОВА, ұңғымаларды жерасты және күрделі жөндеу цехының машинисі Бисембай БЕКБОСЫНОВ, №2 Қарсақ мұнай және газ өндіру цехы №1 бригадасының мұнай және газ өндіру және конденсат шебері Эдуард МЕНДІБАЕВ, зерттеу жұмысын жүргізу цехының шебері Қайрат ШАҒЫРОВ, №2 Қарсақ мұнай және газ өндіру цехы Байшонас кен орны №2 бригадасының мұнай және газ өндіру және конденсат шебері Саламат САРСЕМБАЕВ, Қарсақ мұнай және газ өндіру цехы өндірістік құрал-жабдықтарды жөндеу және прокаттау бригадасының 5 дәрежелі жөндеуші-слесарі Асқар БЕКБОСЫНОВ, №2 табысты еңбектері үшін «Қарсақ кен орнына 60 жыл» ескерткіш белгісімен марапатталды.

Арнаулы техника және автокөлік колоннасының машинисі Болат ИСАКОВ, Доссор мұнай дайындау және айдау цехының технологи-





КӨКТЕМНІҢ КӨРІКТІ МЕРЕКЕСІ

Бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербеткен ембілік аналар мен нәзік жанды мұнайшы қыздарды шұғылалы көктемнің алғашқы мейрамы – 8-наурыз - Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймыз. Олардың мерекелік лебіздерін білдік.

Мерекелік блиц-сауалнама:

- 8-наурыз күнін қалай өткізесіз?
- Қандай сыйлық алғанды ұнатасыз?
- Кімді алдымен мейраммен құттықтайсыз?
- Сізді мерекемен кім бірінші құттықтайды?



Алтынай ҚАЛИЕВА, «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы ұңғымаларды зерттеу операторы:

- Отбасыммен бірге боламын. Мол етіп мерекелік дастархан дайындаймын.
- Гүлді. Соның ішінде қызыл түсті раушан гүлін ұнатамын.
- Екі қызымды өзім алдымен құттықтаймын.
- Мені жұрттан бұрын екі ұлым құттықтайды.



Индира МАКАЖАНОВА, «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы мамандарды басқару бөлімінің 1-категориялы маманы:

- Ауысымдық жұмыс болғандықтан мерекені кейде жұмыста, кейде үйде қарсы аламын. Жұмыста ертеңгілік әріптес азаматтардан мерекелік жылы лебіздер қабылдаймын. Үйде болғанда төрт баламен, жолдасыммен бірге боламын.
- Әйел адамға ең бастысы отбасы мүшелерінің өзіне деген ыстық ықыласы мен адал ниеті. Оны ешқандай сыйлық алмастыра алмайды.
- Таңертеңгілік ұйқыдан ояна сала анамды мерекесімен құттықтаймын.

- Жолдасым мен балаларым – мені алғашқы болып құттықтайтындар.



Жаңылсын ТЕМИРАЛИЕВА, «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы Ботахан кен алаңының мұнай-газ өндіру операторы:

- Ауысымдық әдіспен еңбек етемін. Көбінесе мереке күні менің демалысыммен тұспа-тұс келеді. 8-наурызды отбасыммен бірге тойлаймын.
- Раушан гүлін, соның ішінде, алқызыл раушан гүлін қатты ұнатамын.
- 91 жаста анам бар. Ең алдымен анамды мерекесімен құттықтаймын. Ол кісі менің құттықтауымды күтіп отырады.

- Ал, мені алдымен құттықтайтындар – жолдасым, ұлым мен қызым.

Айсұлу ӘЛІПҚАЛИЕВА, «Ембімұнайэнерго» басқармасы Әлеуметтік қамсыздандыру тобының маманы:

- Демалыс күндерінде, мерекелерде өз шаңырағымда, жолдасыммен, балаларыммен бірге болғанды ұнатамын.
- Жолдасым мен балаларымнан өз қолдарымен жасаған тұрмысқа қажетті заттарды жиі сыйға аламын.
- 68 жастағы анам мен 71 жастағы енемді алдымен құттықтап, оларға құрмет көрсетемін.
- Мені дәл осы күні жұрттан бұрын жолдасым құттықтайды. Сол күні балаларым мен жолдасым мені үйдің шаруасынан толықтай босатады.



Орынгүл ОРАЗАЛИЕВА, «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы Қосшағыл цехының мұнай-газ өндіру операторы:

- Мұнайшының жұмысы – ауысымдық еңбектен тұрады. 8-наурыз мейрамын жұмыста, кейде өз шаңырағымда қарсы аламын. Үйде болғанда қазақтың бешбармағын дайындаймын.
- Таза көңілмен берген сыйлықтың бәрі мен үшін қымбат. Әрине, үй гүлдері ерекше ұнайды. Әсіресе, раушан гүлін қатты ұнатамын.
- Өзімнен үлкен апамды ұйқыдан тұра сала құттықтаймын.
- Ал, мені жұмыста әріптес ер-азаматтар құттықтаса, демалыста, алдымен, мерекелік лебізді жолдасымнан қабылдаймын. Сосын, балаларым алма-кезек келіп құшақтап, бетімнен сүйіп құттықтайды. Ана үшін бұдан артық бақыт бар ма!



Майра МЫРАДОВА, «ӨТҚЖЖК» басқармасының қоймашысы:

- Анамын, әжемін. Мейрамдарда балаларым мен немере-жиендерімнің ортасында болғанды ұнатамын.
- Әйел адамның барлығы дерлік әсем бұйымдарды ұнататын шығар. Әсемдік пен әйел адам бір-бірін толықтырып тұрмай ма!
- 85 жаста анам бар, ең алдымен анамды құттықтаймын.
- Шет елде тұрып жатқан ұлым өзге балаларымнан бұрын телефон шалып, мейраммен құттықтайды.



ЕРЕКШЕ ШУАҚҚА БӨЛЕНЕТІН КҮН



Мейрамның бәрі жақсы. Соның ішінде, 8-наурыздың орны ерекше дер едім. Алдымен, көктемнің алғашқы шуақты күндерін алып келуімен ерекшеленсе, сосын дәл осы күні біз өзімізге деген сый-құрметтің көптігін сезінеміз.

Әйел адамның бақыты – отбасында емес пе! Мен үшін өмірдің басты құндылығы – 2 ұлым мен немерелерімнің, келінімнің, құда-құдағымның қуанышын көру. Жақсы көрген адамдармен араласқанды, сыйласқанды ұнатамын. Мұнайлы өңір – Байшонаста туып-өстім. Атам мен енем - майталман мұнайшылар.

Атам «Доссормұнайгаз» МГӨБ-да ұзақ жылдар токарь болып еңбек еткен. Тыл ардагері, оның балалық шағы мен жастық кезеңі қиын сәттермен қатар келген. Содан болса керек, бізге ылғи «еңбек етіндер, жұртпен бірге болындар. Қуаныш пен қиындықты жұртпен бірге бөлісіндер» дегенді құлағымызға құйып отыратын. Мен өзімді көпшілі адаммын деп есептеймін. Әркез көңілді жүргенді ұнатамын. Қолымнан келгенше айналама көмек қолымды созамын.

Енем бүгінде ортамызда. Ол «Ембімұнайэнерго» басқармасының сым ораушысы болып, Доссор өңірінде ұзақ жылдар еңбек еткен. 80 жасқа толып отырған анамды 8-наурыз мерекесімен жұрттан бұрын құттықтаймын. Арамызда ерекше сыйластық бар.

Мен Ембі өндірісінде 36 жылдан аса еңбек етіп келемін. Оның 32 жылы зертханада өтті, лаборантпын. Еңбек ететін ортамды өте жақсы көремін. Біздің ұжымда, негізінен, қыз-келіншектер. Биыл 8-наурыз күні жұмыстамын. Мерекені өндіріс басында қарсы аламыз. Өндірістегі мерекелік көңіл-күй деген ерекше болады. Сол күні айналаның бәрі шуаққа бөленіп тұрғандай! Мұнайшы жігіттер де күнделікті күндерінен өзгеше болады. Мұнайшы қыздарға деген ерекше құрметін көргенде, осындай татулығы жарасқан ортада еңбек ету – бір ғанибет екенін түсінемін. Шуақты орта, жарасымды орта, ол-менің еңбек ортам!

Гүлнар ЖАНТІЛЕУОВА, «Доссормұнайгаз» МГӨБ Қарсақ кен алаңының лаборанты.

МЕРЕКЕДЕ АЛҒАН ҚОС АҚҚУ МҮСІНІНІҢ ОРНЫ БӨЛЕК

Осыдан 20 жылдан астам уақыт бұрын 8-наурызда алған сыйлығым үйімде әлі сақтаулы тұр. Ол кезде 22 жастамын, «Мақатмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында еңбек етіп жүрген сәтім. Тұрмыс құра қоймағанмын. 8-наурыз-Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаған ұжымдағы ер-азаматтар әрқайсымызға әр түрлі сыйлықтарды таратып, жылы лебіздерін арнап жатқан. Сол күні маған махаббаттың айдынында жүзген қос аққудың бейнесін сыйға тарту еткен болатын. Ырымшыл халықпыз ғой. Жақсыға жорыдым. Келесі жылы жақсы азаматпен кездесіп, шаңырақ көтердік. Мойындарын иіп, тұмсықтарын түйістерген қос аққудың мүсіні содан бері үйімде сақтаулы. Қанша жыл өтсе де, сол көрнекі орыннан түскен емес. Әр кез қарап, сол бір жастық шағымды еске аламын. Содан бері ұжымдастарымнан қаншама естелік сыйлықтар алып жүрмін, алайда, сол бір қос аққудың орны бөлек.

Кейін «Қайнармұнайгаз» МГӨ басқармасына жұмыс орнымды ауыстырдым. Мұнда да сыйластығы ерекше жарасымды ортаға тап болдым.

Әлі есімде, 2006 жылы сол кездегі басқарманың басшысы Ғалым Жақаш 8-наурыз күні жұмыс бастала салысымен қасына барлық ер-азаматтарды ертіп, кабинет аралап, қыз-келіншектерді мерекемен құттықтап шықты. Басшының өзі аяқтай жүріп, бізге жоғары ықылас білдіргеніне қатты қуандым. Сол күні көтеріңкі көңіл-күймен басталған жұмыс уақыты қуанышқа толы өтті. Біз жұмыс жасай да білдік, бір-біріміздің қуанышымызға ортақтасып, әр кез жадымыздан табыла да білдік. Ұжымың – екінші үйің деп қалай дәл айтылған!



Торғын БИСЕНОВА, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның бухгалтері.



Благодарность нефтяникам

Оқи отырыңыз...

8 НАУРЫЗ ТУРАЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ 8 ДЕРЕК

Көктеммен бірге келетін, арулардың құшағын гүлге толтыратын ең шуақты мерекеге аз қалды. Осыған орай, 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне қатысты қызықты деректер тізімін ұсынып отырмыз.

1. Әйелдер күні Ежелгі Римде де тойланған. Олар бұл күні нәзік жандарға сый тартып, құттықтауларын жеткізген екен. Әдетте мұндай құрметке билеушілердің жұбайы ғана ие болған. Ал, құндықтағы әйелдерге ресми демалыс белгіленіп отырған.

2. 1910 жылы Копенгаген қаласында өткен Халықаралық социалист әйелдердің конференциясында Клара Цеткин 8 наурыз күнін Халықаралық әйелдер күні мерекесі етіп жариялауды ұсынып, әйелдерді өз құқықтары мен теңдік үшін күресуге шақырды. Бұл үндеу әлемнің көптеген елдеріндегі әйелдерінен қолдау тапты. 1911 жылы бұл мейрам Дания, Германия, Швейцария және Австрияда атап өтіле бастады.

3. Арулар мерекесі тек 1914 жылдан бастап 8 наурызда атап өтіле бастады. Бұған дейін 12 мамырда тойланып келген.

4. 1977 жылы БҰҰ 8 наурыз күнін Халықаралық әйелдер күнін атап өте бастады.

5. Бұрын КСРО құрамында болған елдерде 8 наурыз мерекесінің символы болып мимоза гүлі есептеледі. Бірақ, шынтуайтына келгенде аталған мейрамды тойлайтын көптеген ел үшін әйелдер күнінің символы – қызғалдақ.

6. Бүгінде 8 наурыз әлемнің көптеген елдерінде тойланады. Олар: Армения, Әзербайжан, Ауғанстан, Беларусь, Буркина-Фасо, Вьетнам, Гвинея-Бисау, Грузия, Замбия, Қазақстан, Камбоджа, Қырғызстан, Кирибати, Қытай, Коста-Рика, Куба, Лаос, Мадагаскар, Молдова, Моңғолия, Непал, Ресей, Сербия, Тәжікстан, Түркменстан, Уганда, Өзбекстан, Украина, Хорватия, Черногория, Эритрея, Латвия.

7. Мадагаскарда 8 наурыз күні тек қыз-келіншектер ғана демалады, ер азаматтар жұмыс істейді. Ал, Қытайда бұл күн мереке болғанымен, жұмыс күні саналады. КСРО-да «Халықаралық әйелдер күнінде» демалу үрдісі 1966 жылдан бастау алған. Оның алдында қыз-келіншектер мейрам кезінде де жұмыс істеген екен. Бір қызығы, 8 наурыз Сирияда – Революция күні, Замбияда – Жастар күні, Малайзияда – сұлтан күні, Либерияда – құрбандарды еске алу күні болып саналады.

8. 8 наурызды – әйелдер күні ретінде тойламайтын елдер бар. Бірақ көп елде, атап айтқанда: Америкада – «Аналар күні», Францияда – «Әжелер күні», Жапонияда – «Қыздар күні» аталып өтеді. Олар жаз айларында тойланады.

(Деректер ғаламтор желісінен алынды).

Бас редактор бағанасы

БАСТЫ МАҚСАТЫМЫЗ - ҚАРАҒАЙЫМ ЕҢБЕК АДАМЫНА ЖАҚЫНДАЙ ТҮСУ

Құрметті ембіліктер!

Жаңа жылды жаңалықпен бастайтын игі дәстүріміз бар. Сол сияқты газет шығару үрдісінде де әр жылдың өз ерекшелігі болуы керек. Сондықтан, мұнайлы Ембі тынысынан, ембілік мұнайшылар өмірінен сыр шертетін корпоративті басылымымыздың бетінде бас редактор ретінде тоқсан сайын сіздермен жүздеспекшімін.

Газеттің қызықты шығуы, оқылымды болуы, әрине, сіздерге байланысты.

Осы бағытта біз газеттің алдағы шығарылымдарында «Мұнай жаңалықтары», «Ембі-100», «Қызықты деректер», «Сараптама» айдарларын ашуды жөн санап отырмыз. Бұл айдарларда Қазақстандағы мұнай өндірісінің соңғы жаңалықтарын, Компанияның 100 жылдық ғасырлық мерейтойына орай тарихи деректерді, қызықты мәліметтер мен кеңестерді, жан-жақты талданған өзекті мәселелерді жиі көтермекпіз.

Редакциялық кеңес мүшелерімен ақылдаса келе, біз газеттің биылғы сандарын мейлінше қарапайым еңбек адамына жақындай түсуді көздеп отырмыз. Яғни, сіздер, сіздердің өмірлеріңіз, әр жұмыс күндеріңіз біз үшін қызықты. Сондықтан, басылым материалдарының негізгі тақырыптарына қарапайым жұмысшының өмірін арқау еткіміз келеді.

«Бас редактор бағанасы» айдары тоқсанына 1 рет газет бетіне шығып тұрады. Әр жарияланым әртүрлі тақырыптарға арналатын болады. Келесі сізбен «жүздесуімді» кітап оқу мәдениеті тақырыбына арнағым келіп отыр. Сіз бен біздің еңбегіміздің нәтижесінде біз газетті бүгінгі заман талабына сай жан-жақты етіп шығарамыз деген ойдамыз.

Сондықтан, ой-пікірлеріңізді қосыңыздар! Біз сіздердің хаттарыңызды күтеміз!

Құрметпен,
Айгүл ЕРТЛЕУОВА, бас редактор.

Мұнайшыларға алғыс

Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымы!

Біздің ұсынысымызды қабыл алып, «Ембі тынысы» корпоративтік басылымын бірлестіктің мекен-жайына уақытылы жеткізуде редакция алқасының жоғары сапалы қызмет көрсеткені үшін алғысымды білдіремін.

Ардагерлер қауымына сыйластықпен қалыптасқан адамгершілік қарым-қатынастардың сақталуына, болашақта да жақсы, үздіксіз қарым-қатынаста болатынымызға сенім білдіремін.

Құрметпен,
З.Алшымбаев,
Мұнай-газ кешені ардагерлерінің республикалық қоғамдық бірлестігінің бас директоры.

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: қоғаммен байланыс қызметі

Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы:

Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі

мекен-жайға жолдай аласыздар:

Л.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.

L.Suleimenova@emg.kmger.kz

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmger.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmger.kz

Редакциялық кеңес:

Қ. Қасымғалиев - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;

Р. Тасмағамбетова - Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Г. Шарафетдинова - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Т. Сәрсенов - мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Ж. Мұханғалиев - еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті директорының орынбасары;

Л. Сүлейменова - қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.

Баспахана:

«Print House Geron» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қ., Қ. Сәтпаев көш., 30А/3,

Х. Ерғалиев жағалауы бұрышы, 124 кеңсе.

Тел: +7(727) 250-47-40, 398-47-39.

ҚҰРМЕТТІ «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік басқармасы